Автор: Шажабаева Жанар Сауытовна
Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Видео құру
Тақырып: Бейнеклиптерді жасау

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.2.4.1 Бейнеклиптерді жасау.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: «Видеожазба, бейнеклип, редактор» ұғымдарын біледі. Видеожазбаларды қалай өңдеу керек екеніне мысал келтіре алады. Оқушылардың көпшілігі: Videopad редакторымен таныс, видеожазба және видео-редактор ұғымын ажырата алады. Кейбір оқушылар Видеожазбаны өндеуді ұсына алады. Videopad редакторымен өз бетінше жұмыс істей біледі.
Тілдік мақсаттар:	Тілдік-сөздік қорларды молайтады. Пәндік лексика мен термионология: Видеожазба; құралдар; өңдеу; табиғат; Мен редактормен жұмыс істеуді бастадым. Мен видеожазбаны өңдеуді үйрендім.
Бағалау критерийлері:	Видеожазбаларды қалай өңдеу керек екеніне мысал келтіре алады. Videopad редакторымен таныс, видеожазба және видео-редактор ұғымын ажырата алады. Видеожазбаны өндеуді ұсына алады. Videopad редакторымен өз бетінше жұмыс істей біледі.
Құндылықтарды дарыту:	Сын тұрғысынан ойлау Қарым-қатынас жасау қабілеті және жауапкершілік Шығармашылық АКТ Достық және денсаулық
Пәнаралық байланыс:	Музыка
Бастапқы білім:	Видеожазба ұғымын біледі. Видеожазба жасауға арналған программамен таныс. Видеожазбалар жасауды біледі. Видеоредактормен жұмыс істей алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (0 - 5 мин)	1.Ұйымдастыру. Оқушыларды шеңберге тұрғызып жылы шыраймен сәлемдесу және бір-біріне жүректен-жүрекке жылуын беру жақсы тілектер айту. Оқушыларды компьютерлік орындарға отырғызу.	Жүрекше Тақтадан бейне көрсетілім

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (6 - 34 мин)	1. Оқушылар компьютерлерді іске қосып, Videopad редакторын ашу. 2. Сұрақтарға жауап беру арқылы өткен сабақтарды қайталау, мұғаліммен бірге videopad редакторымен жұмыс істеуді қайталау. 1) Видеожазба деген не? 2) Videopad редакторы деген не? 3) Видеоны қалай өңдеуге болады? 4) Видеоны қалай сақтауға болады? 3. Видеоны өңдеу. Жоба құру. Жобаның мақсаты: видеоақпаратпен жұмыс жасау, видеоға дыбысты, мәтінді жазу. Жұмыс барысы: • VideoPad редакторын іске қосу. • Жұмыс үстеліндегі бумаға Интернеттен табиғатқа байланысты ақпараттар жинақтау. • VideoPad редакторында дыбыс жазу, видеоны өңдеу, әсерлер қою. • Видеоны сақтау. Программаны іске қосып, видеожазбаны тамашалау. 1-тапсырма Абай Құнанбайұлының табиғат туралы өлеңдерін негізге ала отырып, бумаға интернеттен суреттер, ақпараттар жинақта. 2-тапсырма VideoPad редакторында жиналған ақпаратпен видеожазба жаса. Микрофонды пайдаланып, Абайдың табиғатқа арналған бір өлеңін тауып алып, дыбыс файлын видеожазбаға жүкте. Сергіту сәті Бейнероликтен көзге арналған жаттығулар орындайды 3-тапсырма Видеожазбаны суреттермен толықтырып өңдеп, видео әсерлер, түрлі ауысулар қос. Оған мәтіндік әсерлерді пайдаланып, мәтін қос. Видеожазбаны жұмыс үстеліне сақта.	Интерактивті тақта Оқулық Дербес компьютерлер Интернет 5e392386b53fd.png Image not found or type unknown
Сабақтың соңы (35-37 мин)	Сабақты қорытындылау. Оқушылардың видеоклиптерін тексеріп шығу. Бағдаршам әдісі бойынша оқушыларды бағалау. Бағдаршам арқылы- - нені білді, нені үйренді; - не әлі де түсініксіз; - қандай бағытта жұмыс жүргізу қажеттігін білу.	
Рефлексия (2 мин)	«Сандық» «Ет тартқыш», «Себет» арқылы стикерлер жапсырады. Сандыққа- өз қоржынына не алдым? Ет тартқыш – мен осы білгенімді әрі қарай алып кетемін. Қоқыс жәшігі – маған ұнамады .	